

## Ерікті өртке қарсы құрылымдар туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар ауданы әкімшілігінің 2003 жылғы 28 шілдедегі N 318/8 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 7 тамызда N 1984 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 23 шілдедегі N 189/7 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 23 шілдедегі N 189/7 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы "Өрт қауіпсіздігі туралы" Заңына сәйкес, ауданда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Меншіктің барлық нысанындағы ауданның кәсіпорындары мен ұйымдары қызметкерлерінің ішінен өртке қарсы іс-шараларды өткізу үшін ерікті өртке қарсы құрылымдары құрылсын.

2. Қоса берілген ауданда ерікті өртке қарсы құрылымдарын ұйымдастыру және қызметінің қағидалары (бұдан әрі - қағидалар) бекітілсін.

3. Павлодар облысы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің Павлодар ауданы 35 өрт сөндіру бөлімінің бастығына меншіктің нысанына қарамастан кәсіпорын мен ұйымдардың басшыларына өртке қарсы құрылымдардың құрылуына және қызметіне практикалық және әдістемелік көмек көрсету ұсынылсын.

4. Осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін екі апта ішінде аудандық "Нива" газетінде жариялансын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.О.Қожановқа жүктелсін.

*Аудан әкімі*

"Келісілді"

Павлодар облысы  
Мемлекеттік өртке  
қарсы қызметінің  
Павлодар ауданы  
35 өрт сөндіру  
бөлімінің бастығы

*ішкі қызмет майоры*

2003 жылғы 28 шілде

Павлодар ауданы әкімдігінің  
2003 жылғы 28 шілдедегі N 318/8  
"Ерікті өртке қарсы құрылымдары  
туралы" қаулысымен бекітілген

## **Ауданда ерікті өртке қарсы құрылымдарының қызметі және ұйымдастыру ҚАҒИДАЛАРЫ 1. Жалпы ережелер**

1. Осы қағидалар меншік нысанына қарамастан ауданның кәсіпорындары мен ұйымдарында ерікті өртке қарсы құрылымдарының қызметі мен ұйымдастыру тәртібін белгілейді (бұдан әрі-Объект).

2. Осы қағидалар Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы N 48-І "Өрт қауіпсіздігі туралы" Заңының, Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі Агенттігінің 1999 жылғы 9 шілдедегі N 19 "Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігі Ережелерін бекіту туралы" қаулысының негізінде ұйымдастырылды.

3. Ерікті өртке қарсы құрылымдары меншік нысанына қарамастан ауданның кәсіпорындары мен ұйымдарында 15 адамнан аз емес қызметкерлер санымен ұйымдастырылады.

4. Өртке қарсы құрылымдарды ұйымдастыру, оның қызметін басқару, өртке қарсы іс-шараларды өткізу және қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу Объектілердің басшыларына жүктеледі.

5. Ерікті өртке қарсы құрылымдардың бастықтарын, олардың орынбасарларын және бөлімшелердің бастықтарын Объект басшысы тағайындайды.

## **2. Ерікті өртке қарсы құрылымның міндеттері**

6. Ерікті өртке қарсы құрылымның негізгі міндеттері:

1) Объектіде өрт қауіпсіздігінің жағдайын және өртке қарсы режимінің сақталуын тексеру;

2) Объектіде қызметкерлер арасында өртке қарсы режимді орындау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

3) өрт сөндіру жүйесі мен құралдарын үнемі әзірлікте ұстау;

4) өрт пайда болған жағдайда Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің бөлімшелерін шақыру және Объектіде бар өрт сөндіру құралдарымен пайда болған өртті сөндіруге шұғыл шаралар қолдану.

### **3. Ерікті өртке қарсы құрылымын ұйымдастыру тәртібі және оның жұмысы**

7. Ерікті өртке қарсы құрылымның сандық құрамын Объект басшысы белгілейді, бірақ 5 адамнан кем емес.

8. Ерікті өртке қарсы құрылымдары 18-ден жас емес Объект жұмыскерлерінің арасынан ұйымдастырылады.

9. Ерікті өртке қарсы құрылымына қабылдау ерікті түрде, жеке өтінішінің негізінде, тұрғылықты жер бойынша медициналық тексеруден, Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің бөлімшелерінде бастапқы дайындықтан өткеннен кейін жүргізіледі.

Өртке қарсы құрылымға жүргізуші ретінде жеке өтініштерінің негізінде 1,2 класты жүргізушілер қабылданады.

10. Лауазымға тағайындау Объект басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

11. Ерікті өртке қарсы құрылымның мүшесі құрамынан шығару:

- 1) өртке қарсы режимді бұзғаны үшін;
- 2) құрылым басшысының нұсқауларын орындамағаны үшін;
- 3) өз еркімен құрылым басшысының атына өтініш жазу арқылы жүргізіледі.

12. Ерікті өртке қарсы құрылымдары мүшелерімен оқу сабақтары Объект басшысы бекіткен кесте бойынша жұмыстан бос, айына 4 сағаттан артық емес уақытта жүргізіледі.

### **4. Ерікті өртке қарсы құрылым бастығының міндеттері**

13. Ерікті өртке қарсы құрылымның бастығы:

1) Объектіде өртке қарсы іс-шаралардың уақытында орындалуын және өртке қарсы режимнің сақталуын қадағалауға;

2) өрт сөндіру жүйесі мен құралдарын, олардың басқа мақсатқа пайдаланылуын жібермей, үнемі әзірлікте ұстауға;

3) ерікті өртке қарсы құрылымның жеке құрамымен өрт-техникалық білімін арттыру және алған білімдерін практикада бекіту жөнінде өрттермен нәтижелі күресу үшін тұрақты сабақтар жүргізуге. Күрделі тәртіптер жөніндегі сабақтарды өткізу үшін инженерлік-техникалық қызметкерлерді және Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің мамандарын шақыруға;

4) өртке қарсы үгіттеу жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ Объект жұмыскерлеріне өрт қауіпсіздігі шараларын үйретуге;

5) ерікті өртке қарсы құрылымның бөлімшелері бастықтарының жұмысын басқаруға және жауынгерлік есептердің іс-әрекетке әзірлігін тексеруге;

6) Объектіде Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің бөлімшелері келгенше өрт

с ө н д і р у д і

б а с қ а р у ғ а ;

7) Объект басшылығын өртке қарсы режимінің бұзылуы туралы хабардар етіп  
о т ы р у ғ а ;

8) Мемлекеттік өртті қадағалау органдарымен бірлесіп ерікті өртке қарсы  
құрылымды оқыту жөніндегі жұмысты, Объектілерде алдын алу іс-шараларын  
ө т к і з у ғ е м і н д е т т і .

14. Объектіде ерікті өртке қарсы құрылымның бастығы болмаған жағдайда  
оның міндеттерін орынбасары атқарады.

## **5. Ерікті өртке қарсы құрылымның бөлімшесі (жауынгерлік есеп) бастығының міндеттері**

15. Ерікті өртке қарсы құрылым бөлімшесінің (жауынгерлік есеп) бастығы:

1) Объектіде өртке қарсы режимінің сақталуын және барлық өрт сөндіру  
құралдарының әрекетке әзірлігін қадағалауға;

2) жұмыстың соңында Объектінің өртке қарсы жағдайын тексеруге,  
айқындалған жетіспеушіліктерді жоюға шаралар қолдануға және өрт сөндіру  
қ ұ р а л д а р ы н т а п с ы р у ғ а ;

3) ерікті өртке қарсы құрылым мүшелерінің оқу сабақтарына келуін  
қ а м т а м а с ы з е т у ғ е ;

4) Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің бөлімшелері немесе өртке қарсы  
құрылымның бастығы келгенше өртті сөндіруді басқаруға міндетті.

## **6. Ерікті өртке қарсы құрылым мүшелерінің міндеттері**

16. Ерікті өртке қарсы құрылымның мүшелері:

1) Объектіде және жұмыс орнында өртке қарсы режимінің Ережелерін білуге  
ж ә н е с а қ т а у ғ а ;

2) өз міндеттерін білуге және өрт пайда болған жағдайда оның сөндіруіне  
б е л с е н д і қ а т ы с у ғ а ;

3) бастапқы өрт сөндіру құралдарының іс-әрекетке әзірлігін қадағалау,  
айқындалған жөндеусіздіктерді ерікті өртке қарсы құрылым бөлімшесінің  
бастығына хабарлау, ал мүмкіндік болған кезде жөндеусіздіктерді өздері жоюға;

4) ерікті өртке қарсы құрылымның мүшелеріне жүктелген міндеттерді,  
құрылым (бөлімше) бастығының өкімдерін орындауға және кестемен  
қарастырылған сабақтарды қатысу арқылы өрт-техникалық білімдерін  
жоғарылатуға міндетті.

## **7. Ерікті өртке қарсы құрылым бастығының құқықтары**

## 17. Ерікті өртке қарсы құрылымның бастығы:

1) Объект құрамына кіретін барлық өндірістік және қосалқы учаскелердің, бөлімдер мен бөлімшелердің өрт қауіпсіздігі жағдайын тексеруге, тексеру қорытындылары бойынша айқындалған жетімсіздіктерді жоюға бағытталған нақты ұсыныстармен акт жасауға;

2) Объект құрамына кіретін өндірістік және қосалқы учаскелердің, бөлімдер мен бөлімшелер басшыларының Мемлекеттік өртті қадағалау органдарының нұсқамаларын орындауларын тексеруге және өрт қауіпіне әкелетін жетімсіздіктерді уақытында жою туралы талаптарды ұсынуға;

3) өрт қауіпсіздігі Ережелерін орындамағаны және бұзғаны үшін, өрт сөндіру жүйесі мен құралдарын қажетті жағдайда ұстамағаны үшін кейіннен Объект басшысына немесе Мемлекеттік өртті қадағалау органына жіберумен актілер жасауға;

4) Объект басшысының қарауына өрт қауіпсіздігі шараларын күшейту жөніндегі мәселелерді ұсынуға құқылы.

## 8. Ерікті өртке қарсы құрылымды ұстау

18. Ерікті өртке қарсы құрылымдарын ұстау жөніндегі барлық шығыстар Объектілер есебінен жүргізіледі.

19. Объект басшылары ерікті өртке қарсы құрылым мүшелерін ынталандыру мақсатында өрттерді жою кезінде ерекшеленген азаматтарды мадақтауға құқылы.